



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

sozak_uni@mail.ru

№08 (8986)

WWW.SOZAQ-UNI.KZ

СЕНБІ
29 қаңтар, 2022 жыл

Халық биліктің ашықтық пен заңдылықты сақтап отырғанын сезінуі тиіс



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тәрағалығымен Президент Әкімшілігі, Қауіпсіздік қеңесі, Бас прокуратура, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қорғаныс және Ішкі істер министрліктері басшыларының кеңесі етті.

Мемлекет басшысына еліміздегі ахуалды тұрақтандыру үшін берілген тапсырмалардың орындалу барысы туралы баяндалды. Әсіреле, қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпте қайта қалпына келтіруге, азаматтардың заңды құқықтарын қамтамасыз етуге баса мән берілді.

Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев Президентке еліміздің барлық өнірінде жүргізіліп жатқан «Құқықтық тәртіп» деп аталатын шығыл алдын алу шараларының жүзеге асырылу барысы туралы баяндалды. Халықтан заңсыз сақтап отырған қаруаларын алу ісі жалғасуда. Ведомствоның мәліметі бойынша терроризм, кісі өлтіру, билік өкілдеріне зорлық-зомбылық көрсету, бұзакылық, мемлекеттік органдардың ғимараттарына шабуыл жасау және басқа да қылмыстар бойынша 1822 қылмыстық іс қозғалған. Оның 116-сы арнаулы прокурорларға жолданған. IIМ жеке қауіпсіздік департаменті жаһынан сенім телефоны іске қосылған. Министрдің айтудың көмекшілерінде қылмыстық қылмыстардың бұзылуына жол бермеу мақсатында құқық қорғау үйім-

дарымен тығыз ықпалдастық орнатылған.

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің тәрағасы Ермек Сағымбаев Мемлекет басшысына лаңқестік қауітерді жоғары және келешекте ондай қатерлерге жол бермеу механизмдерін өзірлеу жөніндегі шаралар туралы баяндаады.

Корғаныс министрі Руслан Жақсылықов Президентке қаірігі уақытта Қарулы Күштердің жекелеген бәлімшелері ішкі істер органдарымен бірлесіп, террористік қауіптің «қызыл» деңгейінде тұрған өнірлерде құқықтық тәртіпте қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерін орындауды жалғастырып жатқанын баяндаады. Әскери нысандардың, соның ішінде қару-жарақ және оқ-дәрі қоймаларының күзетінде күштілген.

Корғаныс министрлігі Мемлекет басшысының Қарулы Күштерді реформалашу жөнінде берген тапсырмасын орындауда кірісті.

Бас прокурор Физат Нұрдәулетов Мемлекет басшысына терроризм мен жаппай тәртіпсіздік деректері бойынша жүргізіліп жатқан тереуге амалдарының барысы туралы есеп берді.

Сонымен қатар, қадағалау органының жетекшісі нақты дәлелі жоқ жағдайларда жазаны жеңілдету жөніндегі Мемлекет басшысының берген тапсырмасының орындалу барысы туралы есеп берді.

Берілген мәліметтер бойынша әкімшілік тәртіпке сәйкес сottардың шешімімен 3314 адам тұтқындалған. Прокурорлар 1884 іске қатысты жазаны жеңілдету жөнінде өтініш берген. Оларды тексеру нәтижесінде 1083 адам тұтқыннан босатылған. 493 азаматқа салынған айыппұл ескерту жағасына ауыстырылған.

Баяндаларды тыңдаған Мемлекет басшысы болған оқиғаның барлық мән-жайын анықтау жұмыстарын жалғастыру қажет екенін айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев ақпарат саласындаға күштік құрылымдар мен өкілдептерінде құш-жігерлерін үйлестіріп, жұртшылық тарапынан түсетін сауалдарда жедел жауп беруге тиіс екеніне тоқталды.

Мемлекет басшысы тұрғындардың қазасына қатысты мәселе бойынша Бас прокуратурага және Ішкі істер министрлігіне әрбір жағдайды мұқият тергеп-тексеру жөнінде тапсырма берді.

—Жұртшылықтың болған оқиғалар жөнінде долбар мен қауесетке негізделген пікір қалыптастыруына жол беруге болмайды. Азаматтар биліктің ашықтық пен заңдылықты қамтамасыз етіп отырғанын көргөзу тиіс, — деді Мемлекет басшысы.

«Оңтүстік Қазақстан» газетінен.



Диалог жүргізу арқылы ғана еліміз ілгері жылжиды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанда жаңаша көзқарастағы саяси мәдениет қалыптастыру маңызы екенін айтты. Бұл туралы Президент өзінің твиттердегі парақшасында жазды, деп хабарлайды Едемен.kz.

«Біз жаңа саяси мәдениет қалыптастырып жатырмыз. Тұрлі көзқарас, бірақ біртұтас ұлт. Өзегенің пікірін құрметтеп, диалог жүргізу арқылы ғана еліміз ілгері жылжиды», дегендеген Президент жазбасында.

«Едемен Қазақстан» газетінен.

«Бизнес-бастау» жобасын қаржыландыру жалғасуда



«Атамекен-Түркістан» микроқаржы үйімі «Бизнес-бастау» жобаларын қаржыландыруды жалғастыруда. Қазіргі таңда өнірде 69 тұрғын өз ісін дамытуға капитал алған.

Өткен жылы «Атамекен-Түркістан» микроқаржы үйіміна 300-ге жуық өтінім түсін. Оның ішінде 204 жоба қабылданып, 130 жоба мақұлданған. Жалпы құны 589 млн. теңгінің құрайтын 69 жоба қаржыландырылды. Бұл туралы Облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Тимур Нақыпбеков мәлімдеді.

Жобаларға белгінген қаржатың негізі бөлігі техника мен жабдықтар сатып алуға,

мал шаруашылығына жұмысалған.

Айта кетерлігі, несиені кез келген салада бизнесі дамыту үшін алуға болады. Микроқаржы үйіміне несиені тұтынушылық мақсатқа, бұрын алған несиені өтеуге, несиені берешегін қайта қаржыландыруға, жеке тұрғын үй құрылышы үшін жер төлімдерін сатып алуға бермейді. Ал, аудылдық жерде тұратын азаматтар Кәсіпкерлер палатасының аудандық филиалы арқылы өтінім бере алады.

Түркістан облыстық өнерлік коммуникациялар қызметі.

Үндеуге үн қосамыз

Есті сезі өлге етене

Облыс әкімі Өмірзак Естайхы Шекеевтің Созақ ауданының жаңа әкімін тағайындалап, аудан жұртшылығына таныстыруға келген сапарында айтқан мына бір ауыз сезі үлкен-кішігে үлкен ой салғаны анық.

-Біз әншнейінде «халқымыз аман, еліміз тыныш болсын!» деген сезіді ауыз екі айта саламыз да, осы сезіндің қадір-қасиетіне, мән мағынасына аса терең мән бермейді екенбіз,- деген сезі кешелі-бүгін жадыма жаңғырып, осы ой Президенттіңіздің халықта жолдаған үндеуімен үндестік тапқандай болды. Расында жылдарда болсын, келелі қенестерде болсын бата сұрап қоюлы жайған қараша халықта абыз ақсақалдарымыз «Патшамызға сабырлық, халқымызға тыныш та бейбіт өмір берсін! Аумин! -деп ақ батасын бергенде әлгі сезіндің парқына, пайымы мен парасатына аса мән бермей түрегеле жөнелеміз. Қарал тұрсан, кешегі ақ қарлы, аязды қантардың басындағы қасиетті қундер бейбіт жұрттың тыныштырып бұзып, атырапты айқашу мен азан-қазага ұластыруды. Бейбіт өмірді ғана білетін, тыныш күн мен тұнді ғана сезініп өскен шарана-сәбілеріміз жергілігін шошып оянды. Қантардың қабагы қатулы, қыраулы қундері қаншама шаңырақтың шаттығынұрлады, қайғы мен мұн әкелді. Кешегі Ұлы Отан соғысы, одан арғы аштық пен жұт, құғын-сұргін, аласалыранды жылдар санамыздан сарғайып, өшіп, ғайып болып көмекіліне бастағанда.... Ол қундерді көрген, күесі болған ата-апаларымыз да жалғаның жағалауынан біртіндел алыштан жатыр. Соғыс жылдары, одан кейінгі төрт-бес жылдың аумағында дүниеге келген сәбілерге ата-аналары Тыныштық, Тыныштық, Бейбіт, Есен, Аман, Амандық, Орал, Үміт, Есенкелді, Куаныш деген есімдердің қойды. Неге? Тыныштықта отырып ішken бір кесе қара судың балдай татитынын ата-әжелеріміз білген. Сол себепті де бауыр еті баласына, ұрпағына тыныш күннің шуға мен бейбіт күннің берекесінен артық береке болмайтынын түйсігімен ұғынған. Құдайдан соны тілеген. Сондай қын күндерді бастан өткерген, тыныштық пен бейбіт күндердің қадірін білген ата-аналарымыз адамгершілік, инабаттылық, мейірімділік, ауызбіршілік пен ынтымақтың қасиетін қадір тұтты. «Республикалық басты басылым «Егemen Қазақстан» газетінде атыраулық Назарбек Қосшиев деген азамат Алматыға жаңа жыл алдын қыдырып келіп, кешегі ызғарлы қундері көрі еліне қайтарында Алматының темір жол вокзалынан бір түйір самсаны 250 тенгеге сатқан қаралғы қарындастырылдың, жолақысын бір адамға 150 мың тенгеге пұлдаған қайырыс зәндасымыздың ашкөздіктерін жазғанында қарадай оқып мен ұялып кеттім. Осында қын жағдайда жолға шыққан жолаушыға қайта қарайлласпай ма? Данагәй халқымызда «Ең мүсәпір адам-жолға шыққан жолаушы» деген сезіді айтатын, мүсіркеушілік, аяушылық қасиетіміз қайда? Жығылғанға жұдырық жұмсамайтын атаниң ұрпағы емес пе едік? «Бұлғыннен бұлдіргі алма!», «Қамықсанға қарайлас!», «Алтын алма, алғыс ал!» деген қағидай-



мыз қайда? Бір қарын майды бұлдіретін құмалақтардың бұл әрекеттері адамдық қасиеттің ауылынан тым алыс жатты. Қазақстан Республикасының Президенті жариялаған үндеуді оқи отырып, жастар тәрбиесіне әлі де көбірек көніл белу керектігін, түрлі атыс-шабыс, қырып-жоюды, зорлық-зомбылықты насиҳаттайтын әлеуметтік желілердегі бейнежазбаларға тиым салынса? Қазіргі кезде қоғамның, елдің арасында діни-нанымның терең байыбына бармай, әсіредіншілдік танытып, әлеуметтік желілерге насиҳаттық дүниелерді тықпалап жатқандарда да тоқтам керек. Әрбір ауыл, аудан, облыс тұрғыны «Әркімнің иманы-өз жүргегінде» деген қағиданы ұстанған дұрыс. Ал дінді үағыздау көзі қарақты, өз дініміз бер өзге дінді ажыратып, діни сауаты бар, кез-келген сауалға дәйекті жаупап бере алатын, имам Ағзам Әбу Ханифа мәзхабын ұстанған, үағыз айтуда рұқсаты бар адам ғана болуы керек сияқты.

Сондай-ақ, бейбітшілік пен ынтымақ, ауызбіршілік пен татулық, ұрпақтар сабактастыры, бабалар дәстүрі бағытында мектеп оқушылары, студенттер, жалпы жастар хұймадары арасында шығармашылық байқаулар, келелі қенестер, ҰОС ардагерлерімен кездесулер, ауған, тәжік-ауған, Чернобыль, желтоқсан, кешегі соғыс жылдары масақ теріп, соқа айдаған тыл ардагерлері, батыр аналармен көбірек басқосу жындарын өткізу керек. Міне, осы жерде ауылдар мен елді мекендердегі мектептердің жаңынан құрылған ата-аналар комитеттерінің жұмысы да айшиқтың көріну керек.

Қазақстандықтардың жаңа жыл мерекесімен құттықтаған кезінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Балалар – мемлекеттіңіздің жарқын болашағының кепілі. Сондықтан да алдағы жылды Балалар жылы деп жариялау керек деп есептеймін. Әңгіме жалаң ұран мен мерекеліш шаралар туралы емес. Бірінші кезекте билік тарапынан балаларды қорғау үшін деңсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау бағытында нақты шаралар қолға алынуы керек. Әскелен ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – біздің жалпылұттық міндеттіміз», деген болатын. Әрине, тыныштық пен бейбіт күннің символы балалардың тәтті үйкесі, күміс күлкісі екені даусыз. Қірлігін жас шыламасын, жүзін мұн шалмасын десек, тәрбие-тәлім жұмыстарына атсалысувымыз керек. Бұл бүкіл еңсепті елдің, жалпақ жұрттың, қараша халықтың ынтымағы мен бірлігі арқылы үйлесетін тірлік. Осылайша бір ауыз сезімен біршама жұртқа ой тастап кеткен облыс әкімі, әнір басшысы Өмірзак Естайұлының есті сезі өлдікті сүйген елдің тілегімен бек үндестік тапқандай.

Максат ҚАРҒАБАЙ.



ПАРТИЯ СЪЕЗІНЕ ҚАТЫСАТЫН ДЕЛЕГАТТАР АНЫҚТАЛДЫ

«Nur Otan» партиясы Туркістан облыстық филиалының Саяси кеңесінің кезектен тыс мәжілісі онлайн форматта өтті. Мәжілісті «Nur Otan» партиясы облыстық филиалының тәрағасы, облыс әкімі Өмірзак Шекеев ашып, жүргізіп отырды.

-Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев елде қалыптасқан қыын жағдайдан шығу бойынша нақты тапсырмалар беріп, халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған реформаларды ұсынды.

Ендігі кезекте біз барлық күштілімді осы реформалардың сәтті жүзеге асуына, конституциямыздың мыйзамыстығын сақтауға, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеруге жұмысайды қажет», -деді Өмірзак Шекеев.

Күн тәртібінде 28 қаңтарда өттін

«Nur Otan» партиясының кезектен тыс XXI съезіне Туркістан облысынан делегаттар сайлау мәселеін қаралды. «Nur Otan» партиясы Туркістан облыстық филиалы тәрағасының бірінші орынбасары Бейсен Тәжібаев елорда төрінде өттін съезге қатысатын өңір делегаттары туралы хабарлама жасады.

Маңызды жынға қатысатын делегация құрамына Туркістан өнірінен 28 делегат енгізілді. Олар съезге онлайн түрде қатысады. Саяси кеңес сонында арнайы қаулы қабылданып, күн тәртібінде өткізу мәселе шешімін тапты.

Нұржамал МАЙУСОВА,
«Нұр Отан» партиясы облыстық саяси кеңес мүшесі.

ДІН ЖӘНЕ ЖАСТАР

Жастар-кез-келген қоғамның алға сүйреуші локомативі. Қандай да бір ортада болмасын белсенділік танытып, жұмылған жұддырықтай болып кірісе кететін де тағы да жастар. Отан қорғау үшін де жастар есекер қатарына алынып жатады. Спортта, өнерде, бизнес саласында да жастардың үлес салмағы басым. Тіпті сонау 1986 жылдың 16 желтоқсанының қытымыр, сары аязында мұздай су шашып, темір таяқ пен күркектен бас жарылып, тепкінің астында қалғанда да қазақтың егемендігі болсын деп шыққан да сол жастар болатын. Ажалы келерін білсе де тәуелсіздікті мұрат етіп бұл жалғанмен қоштасты. Себебі ақын Мағжан Жұмабаев «Мен жастарға сенемін» атты елең жолдара бүгі дейді:

*Арыстандағы айбатты,
Жолбарыстағай қайратты –
Қырандағы күшті қанатты.
Мен жастарға сенемін!
Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар,
Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін!*

1991 жыл әлем картасының 6/1 бөлігін алып жатқан, билігі 70 жылға созылған, күні келмеске кеткен КСРО құлап, тарих сақнасына 16 республика келді. Соның бірі жана Тәуелсіз, Егеменді Қазақстан Республикасы. Ақ түйенің қарыны жарылып, аузы аққа жарыған кездер болатын. Жер-жерде жабылып қалған мешіттер қайта ашылып ел иғіліге қызмет етіп жатты. Бірақ, 70 жылдық ашық вакуумның орынын толтыруға шеттен келген, назар өкілді деген аты болмаса дәстүр-салты, ой-жүйесі, таным-түсінігі қазақ халқына мұлдем жат діни деструктивті ағымдар кіріп келді.

Алғашында кім намаз оқыса соның артынан құлай беретін кездерде оларды ешкім айрып, танып жатпады. Нарыз бүлік, отанына аш қасқырайдай тиетін, тілсіз жаудап лап қоятын сол дінді теріс ұстанған топтардан келерін сол уақыттарда бірі түсініп, бірі түсінбеді. Қазақстан Республикасының аумағында террорлық актілердің барлығы өз отанымызда туып, сүйін ішіп, ауасын жұтып, топырағында аунап өскен сол теріс діни бағытты ұстанған жастардың қолымен жаса-

лынды. Соның бір айғағы кешегі күнгі Алматымен басқа қалаларда орын алған террористік оқиғалар. Әрине шетелден келген террористік топтарды қоспағанда өз отанынан шыққан террорларды көрғенде жүргіне ауыр соқы болып тиеді екен. Арда Алаштың баласы мұнай жағдайға қалай ғана жетті десенші?! Ол тек қана діни білімсіздікің салдары. Құран мен сүннетте келген үкімдерді дұрыс түсінбей. Ал бұның арты өз елін тәрк етіп, өзге елден бақыттың кілтін іздеуге кеткен кешегі Сирія асқан жас отбасылар. Мұның барлығы ғана үшін от кешкен, қара-қазан, сары баланың қамы үшін деп атқа қонған кешегі ер Түркінің ұрпағы болған бабала-рымздың сүйегіне таңба болмақ. Әлем қазіргі үақытта технологиялық жетістіктерге ұмтылуда. Тіпті кейір елдерде алдағы уақытта ұшатын көліктер құрастырылуда. Ал біз болсақ балақ пен сақалдың тәнірекінде әлі күнге дейін дау-дамайға шатылып жүрміз. Мазхабымыз Әбу Ханифа мазхабы. Мазхабымыз бойынша амал-әрекет жасасақ бұндай дауарды ысырып тастар едік.

Қорытындылай келе айтпағым, XXIғасырдың жас азamatы мен азamatасы шасы елін сүйеттін, тұған жерінің таутасы мен өзен, көлін сонымен қатар рухани байлығымыз саналатын ана тіліміз бер әдәстүр-салт, тарихымыз бер мәдениетімізді сақтап, біліп, ұстанып қана қоймай болашақта мұра ет-песек ұлан-ғайыр территориямизден әт-сәтте айрылыуымыз мүмкін.

Сонымен қатар, ғылым мен білім технологиялық жетістікке жету арқылы елімізге қызмет етіп, осы елдің өркендеуі жолында бір үйдің баласында, бір қолдың саласында болып қызмет етіп білсек Жаратушының разылығын таба білгеніміз. Себебі Ҳақтың разылығы Ҳалықтың ішіне жасырылған. Әрекет етейік, сонымен қатар төріс діни ағымдардың арбауына түспей ата-бабамыз салған сүрлеу соқпақтан айны-майық. Қам-қарекет етейік.

Ж.ТӨЛЕПБЕРГЕНОВ,
«Жастар ресурстық орталығы»
КММ басшысы.

(Жалғасы).

Басы еткен санда.
Созақ жақтан бір топ аттылы келе жатыр. Біз жақтан да 15-20 шақты атты кісі жиналған. Біз де сол топқа қосылуға асырап келеміз.

Жетіп араларына кірдік. Кілең жауырыны қақпактай, жұдышыры тоқпақтай денелі көкелер бізге дүрсө қоя берді:

-Сендер не қылып жүрсіңдер мұнда? Қайтындар! Майып боласындар!

-Ой көке, сіздердің соғысқандарыңызды көрейік деп келдік. Атымыз жарау. Анаумынауға алдыра қоймаспаз. Екеуміз біреуіне жабыламыз фой.

Жиылған топ біздің сөзімізге қарқылдан күлісіп алды. Қарсыластар жақындаған келе қанат жая жүрді. Біз де жартылай шенбер жасап, арамызыңда көң тастап иіле келе тоқтадық. Екі жақтан бір-бір адам ортаға шығып



ЖАҚСЫ БІР АДАМ ҚАРТАЙСА...

АҚСАҚ АЙФЫР

Күзге салым Созақта үлкен ас болады, бәйге, салым, көлпар болады деп хабар айттылады. Қызығып көлпарға бардық. Ортаға үлкен серке тасталды. Бата алған соң шабандоздар жапа тармағай тартысып жатыр. Кекпарат қыза тұсті. Мен де біраз араластым. Серке ауыр, анау-мынау ат көтеріп топтың ортасынан шығара алмайды. Аттары жарамсыздары шетке шығып тамашалап тұр. Атының терін басып шетте жүр едім, бір жігіт қасыма келіп атымды бере тұруымды өтінді. «Әз атым нашарлық қылды. Атыңды бере тұр, бір-екі тартысып көрейін,» - деген соң бердім. Әлгі жігіт көлпарға араласып, тартысып жүргенде атым омақаса құлады. Аяғын інге тығып алыпты. Жіліншігі тұсамыстан сыйып кетті. Жігіт: «Жазмыштан озмыш жоқ деген. Атыңың аяғын сындырып алдым. Айыптымын. Қаласаң менің атымды а», - деді. Ол кезде аттың кімдік екендігіне көп нәрсе байланысты еді. «Ат кедейдікі болса, атын тұрғызып берсін. Жібекте күл болмайды, ат байдікі болса, құн болмайды» деген пәтуаға келді. Атының аяғын мықтап таңып, жетеп ауылаға зорға жеткіздім. Бос жібердім. Анда-санда қарап қоямын. Аяғы шорланып, қисық бітті. Шойқандалап тұр соңында жүрді.

* * *

устінде де мығым отыратын. Ол көп ойланбастан қаптың екі шетінен мықтап ұстап «әуп» деп көтеріп тізесіне қондырыды. Астындағы аты ауыр салмақты көтере алмай жерге жата кетті. Көкелер: «Әп, бәрекелді, жараудың, батырым! Ендігі соғыста сені жеке батыр етіп шығармыз», - деп қауқылдастып жатыр. Кезек маган келді. Кеу-кеулемп ортаға шығарды. Атым үркек еді. Қаптың маңына жоламай қойды.

Су дауы мұнымен біттепті. Олар Түркістандағы ояз би, болыстарға біздің үстімізден «Бізге тиесіл сұмызызды бермей жығып ала береді, осы мәселені шешіп беріңіздер» деп арыз тұсіріп, екілдер шақыртыпты. Мұны естіген атам ауыл-ауылға астыртын хабар жіберіп, жесір әйелдерді бала-шағасымен өкіл келетін күні Кекбұлаққа жинаиды. Жиын басталып, екі жақтың тілек-арыздары тыңдалады. Біз жақтан жиналған жесір әйелдер бірінен соң бірі «Күйеүім жоқ, қайтыс болған. Мына жетім балаларды бір өзім асырауым керек. Су болмаса егін өспейді. Егінсіз балаларым аш қалады. Біз сусын аштан елеміз. Бізге сұмызызды қайтарып беріңдер!» - деп мұндарын шағады. Бір уақытта әжем: «Мениң де байым жоқ» - деп ортаға жүлкіншіп шығады. Атам дауға араласпай жесір арасында отырады. Бір сәлделі кісі әжемнің қасына келіп былай дейді:

-Сенің соқырың ана жерде отырған жоқ па?!

-Маган байды сен тауып беріп пе еді? Сандалып мұнда өзің не қылып жүрсін?

-Маган су керек.

Сонда әжем әлгі кісіні қапсыра құшақтап: «Солай ма? Оnda сенің шөлінді басайын. Қанғаныңша су ішіп ал!» - деп суға лақтырып жіберіпти. Денелі кісі судың ішінде тұра алмай, қақалып-шашалып судан арен шығады. Ұялғанынан олпы-соллық күйінде сөзге келместен атына мініп, еліне қайтып кетілті. Уәкілдер суды жесірлерге қалдырады.

аласың?» деп мені саба-мақшы болып, «жалғыз өзің бізге не істей аласың?» деп өктем-өктем сөйлей бастады. Мен жүгіріп қыр басына шығып кеттім. Сонда тұрып тас атып маңыма жолаттап тұрмын. Бар дауысымен айқайлап қоямын.

-Мен Алаш деп ұран тастаймын. Қасындағы қосышыларың мен жақа шығып кетеді. Қалғандарың бізге тұр істей алмайсындар. Менің дауысымен естіп ауылдағылар да келеді, - дедім бар дауысымен айқайлап. Сол топтың ішінде Смаил бар екен. Ол қасындағы қожайынына қарап:

-Ол дұрыс айтады. Алаш исі қазақтың атасы болғандықтан Алаш біздің ұранымыз. Саған қосын болсақ та ұрандаған бауырымыз жаққа шығамыз. Саған болыса алмаймыз, - деді.

Амалы таусылған қожайын: «Суғарып болған соң өзенге қайта бұхарсың,» - деп Балықшыға қарай өрлей жөнелді. Қыр басында біраз отырдым. Бір кезде арт жағымнан ат тұғының дүбірі естілді. Қарасам менің биелерімді үйіріне қосып алған қара айғыр екен. Құып келе жаткан шор аяқ айғырымды тағы талап тастапты. Атыма мініп биелерімді қайырмак болып үйір соңынан шаба жөнелдім. Үйір алдынан екі аттылы келе жатыр екен. Оларға үйірді бері қайрындар деп қол бұлғадым. Олар қайырып айдалап келді. Амандастып жөн сұрастық.

-Бұл үйірді қайда апармақсың?

-Айғырымның аяғы сынып шорланып біткен еді. Мына қара айғыр соны талап, үйір алып кете береді. Бұған қандай амал бар. Қара айғырды байлап қойып талатаса бек екен?

-Таяқ жеген айғыр бұған жақындағай қоймас. Қара айғырдың төрт аяғын буып тастап көрсет. Оның айбат шеге қоймасына көзі жетсе фана келіп талауы мүмкін.

-Онда маган жәрдем беріңдер. Солай істеп көрейік.

Үйірді үйге айдалап келдік. Қара айғырды ұстап, төрт аяғын буып тастадық. Биелерді екіге бөліп, қаранкін төмөнгө айдалап жібердік. Шор

аяқ айғырымды жетелеп келіп қара айғырды көрсеттім. Біраз уақыт сескеніп баты алмай тұрды. Қара айғыр орнынан тұра алмай бұлғынып аунап жатыр. Айғырым қараның өзіне келе алмасына көзі жетті-ау деймін айбаттанып келіп сауырдан, шаптан тістелеп жатыр. Жалынан тістеп тартқылап әбден айызы қандай-ау дегенде, қара айғырды босатып жібердік. Қара айғыр үйіріне де, айғырга да қараша жәнелді.

Ақсақ айғыр жүйрік еді. Сойып жіберуге қимай, тұқымын алып қалайын деп ойладым. Үйірінде құнажын баласы бар еді. Дене бітімі өзіне ұксайтын. Досыммен ақылдаса келе осы екеуінен тұқым алып қалуды шештік. Айғырдың көзін байлап, қораға байталдың қасына алып келдік. Айғыр бір-екі шапқаннан кейін көзін шештік. Алдында тұрган өз бала-

ДАУЫЛ

Табиғаттың дүлгей күшінің бірі - жел. Тау ішінде сайдың аузынан соққан жел күшініп өрлей түсті. Барған сайын долданып, жолындағы ақшешек, үшхат, талдарды жайпап жұлдып әкете жаздайды. Сай тіршілігінің әлек-шәлелігін шығарады. Құйынды жел киізүйлерді ебілдебіл қылып жұлмалап, артынша «енди қайтесің?» дегендей тиң тыңдалап тұна қалады. Әр сайдың өз мінезі бар ма деп ойлап қаласың.

**Сейтжан ДӘНЕҰЛЫ.
(Жалғасы бар).**

Бала күнімде Сұлтанбек Қожанов туралы әзиз әкем өте көп айтатын. Тубі ақталады, есімі елге оралады деп кәміл сенетін. Кеңестік қоғамның коммунистік рухтагы тәрбие мектебінде өскен мен Сұлтанбек бабамызды алаш ардақтылары Ахметке ара тусяп, Мажжанды сүйгені ушін тусянне алмай, кешіре алмай өстім. Қуанарлық жайт әке үміті ақталады. Кеш те болса баба рухынан әркез кешірім сұрай отырып, қолыма қалам аламын, халқадырымша жазамын.

дықтан да қандай қызыметте жүрсе де әдебиеттің ғылымина, сынға да шама-шарқынша үлес қосты. Бұл туралы белгілі ғалым Тұрсынбек Қәкішұлы былай деп атап көрсетті: «Қазақ әдебиетіның өзіндеңде өз үлестерін қосқандар қата-рына қоғам-әлеуметтік қайраткерлерін қоспау ағаттық болар еді. Олар өздерінің эстетикалық таным-білігі жағынан бірқыдыру біктен көрініп арқылы сын тарихында іздерін қалдырыды және бір ғажабы, өнерпаздық дарындары жағынан ешбір профессионалдардан кем түспейтіндегі деңгейде көрінді. Өнер жолына бел шешіп туksenде әдебиет тарихынан жарқырап көрінулері де мүмкін еді. Олар – Смағұл Сәдуақасов, Үйдірыс Мұстамбаев, Нәзір Төреқұлов, Ілияс Қабылов, Сұлтанбек Қожанов, Шәймерден Тоқжігітов сынды азаматтар. Бұлар көбінесе партия, мемлекет жұмысына ден қойғандықтан, сынға үнемі

Нариман НҰРПЕЙІСОВ, Филология ғылымдарының кандидаты, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті.



Олай болса, ақындық жүзінде Абайдан соңғы әдебиетте жаңа түр кіргізіп, сонына шәкірт ерткен, школ (мектеп) ашқан, күшті ақын Мағжан екенінде дау жоқ» - деп батын бай-лам жасайтын Жұсіпбек Аймауытов пен Сұлтанбек Қожанов ойлары үндес, әсіресе, Мағжанның сыршылдық, суретшілдік өнері жөнінде тіпті өзектес. Сыншы Аймауытов ақын Мағжанды ұлы Абайдан кейінгі қатарға қойып, «шәкірт ертіп», «мектеп ашты» деп мақтанса, өз ке-зегінде С.Қожанов та Түркістан қазағына арнал: «Абайдан кейінгі екінші бастырып отырған кітабымыз осы М.Жұмабайұлының өлеңдері. М.Жұмабайхлы өлеңдерінің тіл жағынан, әдебиеттің жағынан пайдасы көп болады деп сенеміз» - деп ұлы Абайдан кейінгі басылған еңбектің тіл, әдебиет жағынан алға аппаратын рухани-мәдени құш екеніне сенеді, пайдасы мол деп са-найды.

Өткен ғасырдағы 20 жылдардың басында-ақ М.Жұмабаевтың жыр жинағына кіріспе сез жазып, жинақтың жариялануына тікелей жәрдем берген С.Қожановтың сыншылдық қыры туралы белгілі қожа-новтанушы А.Шеріп былай деп ой

Ақиқат алдындағы

Қазақ халқы XX ғасырдың алғашқы жартысында-ақ азаттыққа, тәуелсіздікке шындал ұмтылды, сол жолда «Алаш» партиясын, Түркістан автономиялық республикасын құрды, алайда мықтап салынған бұтауды, бодандық қамытын үзіп кете алмады.

Тұған халқының жанашыры болып, есесі кеткен елнің еңсесін көтеруге ғұмырын арнаған ұлы тұлғалар болды, осылардың ішінде ерекше із қалдырғандары Ә.Бекейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Т.Рысқұлов, Н.Төреқұлов, С.Қожанов т.б. болды.

Әділетсіз қоғамның тақсіретін көп тартқан тарихи тұлғаның бірі - Сұлтанбек Қожанов. Ен бір өкінішті жайт, Сұлтанбек сынды қайсар ұлдың есімі, еңбегі құні кешегі тоқсанының жылдарға дейін елеусіз, ескеруіз қалып келгендігі. Ақсұмбетен шыққан ақсұнқар ұл, қайраткер Қожановтың талант қыры сан-алуан. Қарт Қаратаяудың теріскең бетіндегі шежірелі Созак жерінде дәлірек айтқанда Ақсұмбет, Ақбикеш баурайында дүниеге келген арда азамат Түркістан, Ташкент, Орынбор, Қызылорда, Москва т.б. қалаларда оқып, еңбек етіп, қайраткерлік кемеліне келді. Тәрбие көзі ұстаздық еңбек пен ел басқаралын хатшылық, комиссарлық қызыметтің қай-қайсысын атқарса да ұлтшыл рухын жоғалтпады. Қының құндердің өзінде отанын сатқан опасыздармен келіспеді.

Қожановтың қайта тану сол тоқсанының жылдары жаңа бір күшпен белең алды. Профессор Т.Қожекеевтің, зерттеуші ғалымдар Ж.Әлмашұлы мен мен А.Шеріповтың, жазушылар Б.Қойшыбаев пен Д.Тұрантегінің т.б. әр кезде жарық көрген еңбектері қайраткер бабамызды әр алуан қырынан таңытып, талай-талай ақтаңдақтар ақиқаты ашылды, қожановтану дәүірі басталды.

Бүгінгі біздің мақсатымыз Сұлтанбек Қожановтың сөз өнеріне, соның ішінде алаш ұранды әдебиеттің алғы сапында тұрған тұлғаларына деген көзқарасы, қарым-қатынасы жайында қолда бар дерек көздерін пайдалана отырып, ой бөлісу. С.Қожанов ен алдымен төл әдебиетіміздің шын мәніндегі жанашыры болды, сон-

араласа бермеді». Иә, ғалым атап көрсеткендегі бұлардың дені мемлекет, партия жұмысында жүріп-ақ аз-кем болса да әдебиетке араласты. Солардың ішінде С.Қожановтың әдеби-сыншылдық өнері ерекше на-зар аудараптықтай. Қөлтеген дерек көздері, тарихи құжаттар қайраткер Қожановтың алаш азаматтарына деген алабөтен сүйіспеншілігі болғанын анық анғартады, тіпті, кейде Сұлтанбек Қожанов есімінің кешірек елге оралуына да осы «сүйіспеншілік» әсерін тигізді ме деп ойлайсың. Алаштың ардақтысы, Ұлт ұстазы Ахметке, ақынқ ақыны Мағжанға деген қамқорлықтары шекіз болған ол осы тұлғалардың шығармашылық өнері жайында сын-зерттеу еңбектерін жазды. Сөз өнерін ерекше бағалайтын С.Қожановтың «Мағжан өлеңдері туралы бір-екі ауыз сез» деп аталағын еңбекінің мәні зор. Жаратылсында ақын жанды ол ұлы ақынды жан-тәнімен жақсы көріп, кеңес өкіметінің қаһарынан қорықпай 1923 жылы Мағжаның өлеңдер жинағын шығаруының өзі ерлікке пара-пар әрекет. Жинақты баспадан кітап етіп шығарып қана қоймай, әдемі, әдеби мәні зор алғы сез жазуы ардақты іс. «М.Жұмабайұлының өлеңдерінде қазақ әдебиетінде үлкен орын алған деп санап, басып отырмыз» - деп сез бастаған сыншы өз ойын одан әрі жазба әдебиеті жаңа қалыптасып, әдеби тілі енді жетіліп келе жатқан ке-зенде Мағжан сынды сез маржаның терген сыршыл ақындардың ролі зор екеніне баса мән береді, біздің тілімізді менсінбей аскак қарайтындарға тойтарып береді. Соның дәлелі ретінде айтқан: «Осы күнге дейін Түркістанда қойшылар тілі санағын көлгөп, реңми қағаздар жа-зуға, кітаптар жазуға жарымсыз дөлініп көлгөп қазақ-қырғыз тілі іске асуы былай тұрсын, өнерге асатын, бай, жатық, таза, әткір, әдемі тіл екенін Мағжан өлеңдері көрсете алады» - дейтін пікірлері қандай құнды, әлі күнге дейін маңызын жой-маған қанатты қағида десек қателеп-спейміз. Қаншама уақыт, тіпті ғасырға жуық өтсе де «жатық», «ста-за», «әткір», «әдемі» тілімізді реңми қағаз жазуға жеге бермейтініміз жа-сырын емес, сондай тілімізді өнерге, өнегеге асыра білмейміз, екіншіті-ақ.

С.Қожановтың өз заманының үрдісінен өзгешелеу көлтегін келесі бір пікірі көнілге қонарлықтай,

Мағжан өлеңдерінің саяси мәніне емес, әдеби маңызына назар ауда-руға, көбірек көңіл белуге шақырады. Өткіншік орай сыншының бұнай пікірі үнемі қолдау таба бер-мейді, араға жыл салып, яғни 1924 жылдың 24 қарашасында Мәскеудегі шығыс еңбекшілерінің коммунистік университетінде еткен мәжілісте ба-яндама жасаған бір әріптес: «Біреу айтады: саясат пен әдебиетті арала-стыруға болмайды дейді. Мағжан өлеңдері кебінесе осы пікірге сүйеніп басылған. Бұл қате» - деп үзілді-кесілді кесім айтты, тіпті қатты кетіп, «саясат жағынан Мағжанды кенес топырағында отыратын адам емес. Мағжаның өлеңінде қазақтың шаруашылығына, әдеби-етіне, саясатына үлкен қарсылығы бар» - деп жазды.

Әлі де болса дүрбеленді дәуірдің дауылы басылмай тұрған кезенде, керінше жұрттың бәрі, әсіресе сыншылар қауымы саясатшы болып ба-ра жатқан тұста ақындық өнерді қадір тұтып:

Білмесем суреттеуді бар ма ай-лам,

Кез көрмей, көнілде жоқ сыршылдықты,

Керек қып іздеғенмен табам қай-дан, - деп жыр жазатын Сұлтанбек Қожанов ақын Жұмабаевтың ен ба-сты қасиеті - ақындығына айқын баға береді. «Мағжан өлеңдерінің ішінде кез келетін марксизм дүни-етануына үйқаспайтын жерлерін оқушылар көре салып үрікпей, көркемдік жағына, сыршылдық жағына, суреттеу жағына көбірек көз салынуы керек, тарихи мәнісіне же-те туғын керек» - деп ұлы ақынның сүреттеу жағына үлкен қарасын тапты.

С.Қожановтың пікірі тек қана қар-сылыққа душар болған жоқ, оның ойларымен үндес, талантты танитын жандар жоқ емес-тін. Керегар пікір беретін, Мағжан шығармашылығын жоққа шығаратын жиыннан кейін араға жыл салып, 1925 жылы Ж.Аймауытов жазған көлемді зерттеуде Қожанов жағын еңбектегі өзекті ой-лардың жаңырыны бар еді. «Ол ке-лешекті болжап, жұртты соңына ер-тетін пайғамбар ақын да емес, Мағжан сыршылдығымен, суретшілдігімен, тапқыштығымен күшті, маржандай тізілген, торғын-дай үлбіреген нәзік үнді күйімен, шерлі, мұнды зарымен күшті.

сабақтайды: «Сұлтанбек Қожанов қазақ әдеби сынының қалыптастына едәүір үлес қосты. Ол М.Дулатұлының «Балқия» драмасын баспасоз бетінде бірінші болып бағалады. «Жақындық па, жалақорлық па?» атты айтыс мақаласында Абай мен А.Байтұрсынұлын солақай социоло-гиялық сыннан арашалағандарын бірі болды. Әдебиеттің тарихы, тілі мен терминологиясы туралы құнды пікірлер айтты», - деп аса жоғары баға береді.

Өз ұлтын шексіз сүйген ардақты тұлға С.Қожанов қазақ халқының ұлы ақындары, ардақтылары жөнінде тек қана таптық сарынмен баға беріп, әсіресе алашордашыларға, алаш ұранды әдебиет деген-де тіпті теріс атқа мінетіндерге: «Қазақтар арасындағы революция туралы мәселе қозғалғанда Абай Құнанбаев пен А.Байтұрсыновты ай-налып өтуге болмайды. Қазіргі рево-люционерлердің барлығы да Абай мен Ахметтің шәкірттері болып та-былады» - деп жауап беріп, шакірттік пейілмен сүйсіне жазды. Атақты Ахаңың 50 жасқа толу мерекесі қарсаңында «Ақ жол» газетінің 1923 жылдың 4 мамырында айттылған бұл пікірдің келесі бірінші әлеңдерінде 3 сәуіріндегі «Жақындық па, жалақорлық па?» атты айттыс мақалада жағасын тапты.

«Қазақ жазба әдебиетінің ағасы Абай болмаса, Ахмет болмаса, кім болмайды? Басқа да аға бар ма? Бар болса кім?» - деп тұра жолдан айны-май, алғауызы пейілмен сұрақ қой-ды. Үлт әдебиеттің, үлт мектебінің негізін қалаушы кеменгерлер туралы айтқан Қожанов пікірінің дұрыс-тығын үақыт кеш те болса дәлел-деді. Ол сол кездің өзінде-ақ «жоқты жазып, бар әдебиет маңайын была-піттайтындардың жақындығы мен жалақорлығын әшкереңеді.

Сұлтанбек Қожанхы - әдебиет пен мәдениеттің шын мәніндегі талғампаз жанашыры. Ол Ахмет Байтұрсынхы жайында: «тіл тазар-туға тынбай еңбек қылыш келе жатқан, амал мәселесін іс жүзінде шешіп, тіл құралдарын жағынан үнді күйімен, қазақтың үлт мектебіне негіз қалап, үлт мәдениетінің түп қазығын мықтап қағуына енбегімен себеп болған, қазақ ұлт мәдениетінің бірінші қайраткері» деп жоғары баға берді (Ақ жол, 1924 жыл, 3 сәуір). Ал Мағжаның кітабына жазған алғысөзі жайындағы:

«М.Жұмабайұлының өлеңдері қазақ әдебиетінде үлкен орын алған дег санаң басып отырмыз... М.Жұмабайұлының өлеңдері әдебиет тарихындағы соңы 10-15 жылдарғы ағымдарды тексеруге де жақсы құрал бола алады дег ойлаймыз», - дег келетін пікірлері төнірегінде жоғарыда тәтпіштеп айттық.

Осы аралықта сол дәүірдегі аса солақай әрі кеңесшіл бағытта қалам терберен С.Мұқановтың Сұлтанбек Қожанов туралы: «Совет өкіметіне қарсы өлең-жыр жазудан тынбай келе жатқан алашордашыл ақын – Мағжан Жұмабаевтың Қазақстанда бастыра алмаған өлең, поэмаларын 1923 жылы Ташкент қаласында бастырыды да, өзі кіріспе сөз жазып, Мағжанды аспанға шығара мақтады; «Алаш» лидері Ахмет Байтұрсыновтың 1923 жылдың күзінде Орынборда құлаған 50 жылдық юбилейін Ташкентте еткізіп, Түркістан республикасының басқарушы газеті – «Ақ жолда» Байтұрсыновты мақтаған мақалалар бастырыды, портретін жариялады...», – деп жазуында жатқан «Ақтаңдақтар» ақиқатына енді ғана көзіміз жетіп, ақ-қарасын айыра бастадық.

Осы жайттардан түйетініміз

деңгейін жүрттан бұрын танып асқан бағалағандығы». Фалым атап көрсеткендегі үлкен жүректі азamat, әдебиетті, сөз өнерін сүйді, әсіресе төл әдебиетіміздің көшбасында тұрган ұлы тұлғалар хакім Абай мен кеменгер Ахметті, поэзия падишишы Мағжанды сүйді, олар замана дүмпүйен теперіш көре бастағанда алғашқылардың бірі болып қолын созды, қорғап жазды. Әсіресе қазақ ұлтының бетіне шіркеу болатын әрекетіміз, дәлірек айтқанда атақты Ахаңың 50 жасқа толу тойын Орынборда шіріген жұмыртқа лақтырып еткізбей қойған опасыздарға қас қылғандай Ташкенттің төріндегі той еткізіп беруі - бір Ахан үшін ғана емес, барлық зиялды қауым үшін, соның ішінде алаш хранды әдебиетті ту етіп көтерген тұлғалар үшін уақытша болса да үлкен жеңіс болды, өкінішке орай осы әрекеттері үшін сан мәртебе соққы жеді, ақырын мерт болды.

С.Қожановтың сыншылдық өнерімен қатар ақындық өнері бар екенін де ұмытпауымыз керек. Dana Абайды, сыршыл Мағжанды қадір тұтатын тұлға аракідік өзі де қолына қалам алып, өлең, жыр жазып тұруды ұмытпаған. Елдің еңсесін

С.Қожановтың ақындық өнері жайында ерте кездегі ескі көздердің өзі бағалап, мойындал, пікір айтқан. Тағы бір рет Сәбене, Сәбит Мұқановқа жүгінелік. Жазушы өзінің «Есею жылдары» атты автобиографиялық кітабында: «Обкомдағы кабинетіне барған мені Сұлтанбек жылы шыраймен қарсы алып, шүйірке-лесе, теңдесе сөйлесті. Оның да өлең жазатынын сондағана білдім. Ташкентте қазақ тілінде шығатын «Ақ жол» газеті мен «Шолпан» журналындағы «Тоқпақ» және «Заман-дас» - соның псевдонимі екен. Ол жалпы әдебиетті, оның ішінде қазақ баспасөзін көп оқытын адам екен», - деп ағынан жарылады. Сол заманың төперішін көп көрген белгілі ғалымның бірі Әуелбек Қоңыратбаев «Керуен» атты естеліктер кітабында: «Ол - өткір тілді, тапқыр, кең тұлғалы кісі-тін. Қызыл тілге келгенде, мен ондай шешен адамды көрген емеспін. Ашыу жок, мінезі дарқан, сөздерін тастай етіп айта-тын арыстан туған кеменгер адам еді», - деп Сұлтекенің шешен әрі суырып салма өнерге жақын сөйлейтін таланттын аса жоғары бағалайды.

Сұлтанбек Қожанов - көп қырлы

жапа шеккен Сұлтанбек Қожанов тағылымы әлі талай үрпаққа үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие көзі болып қала бермек. Кезең келбетін көрсеткен Қожанов мұралары құндылығын жоймайтын қымбат еңбектер. Ой қорытар тұста қазіргі заманғы қожанов шынылардың бірі Б.Қойшыбаевтың: «Қожанов ақиқат алдында ардақталуға әбден лайық тұлға. Оның емір жолы, көзқарасы, ұстаннымы бүгінгі таңда да ескірген жоқ, ол қазір де сан мың ескелең үрпақ үшін – Тәуелсіздік мұратына қызымет етудің тамаша да көрнекті үлгісі бола алады. Рухы құшті, биік азamat. Оны тарих тұғырына көтеріп, мақтานыш ету – Тәуелсіздік күрескерлерінің қазіргі буыны үшін қарыз да, парыз», -деген қанатты пікірін еске түсіріп өткеннің артықтығы болмас деп ойлаймыз.

Қатігез, қазақ халқының дарынды тұлғаларын «халық жауы» деген жалған жаламен мерт етіп отырған кенес қоғамы Сұлтанбек Қожановтың алаштың аяулы тұлғаларына жасаған жақсылығын, құрметін кешірмеді, арада аз-кем жылдар өтсе де ұмытпай, 1938 жылдың 10 ақпан күні оққа байлады, өлімге қиғды.

ардакты тұлға

Сұлтанбек Қожанұлы сол бір аласапыран кездердің өзінде әдебиеттану ғылымының шын жаңашыры болды. Сынды сыңаржақ социологиялық пікірден сақтап, салиқалы, салмақты, ең бастысы әділетті, тұра-лықты ой айтты, сөз өнерінің қадір-қасиетін, туған елін тәрбиелеудің құралы ете білді. Бұл туралы Қожа-новтың өмірі мен шығармашылығын алғашқылардың бірі болып зертте-ген әйгілі фалым, профессор Т.Қоже-кеев өзінің «Түркістан түлегі» атты еңбегінде былай деп баға берді: «Оның бұл саладағы қадір-қасиетін арттыrap ici – Абай мен Ахметтің қазақ әдеби тілін жетілдірудегі еңбегін, Мағжан ақындығының

тіктеімін деп бар ғұмырын қофам
қызметіне арнаған оның шындағ
өлең жазуға келгендे не уақыты, не
мүмкіндігі бола берген жок.

Мен-дағы өлең жазсам ұнамай ма?

Ақын да жоқтан бар ғып құрамай ма?
Өлең ғып үйқастырып тізіп қойсам,
Бір надан білгішсініп сыйнамай ма,
— деп епен енергіне аса жауапты.

- дег өлең өнерине аса жауаптылықпен қарады. Сынға ұшырап, үйқастыра бергісі келмеді. Әрине, Сұлтанбектің поэзиялық мұралары жеке жинақ, кітап болып жарық көрген жоқ, оны автор да мұрат етпегендей.

қасиеті, талантты мол дара тұлға.
Бүгінгі біздің айтпағымыз ардақты
бабамыздың қайраткер-әдебиетші,
алаш ұранды әдебиеттің жанашыры
екенін ғана айтуды қал-қадірімізше
мақсат еттік, ал сыншылдық, ақын-
дық өнердің адалдығымен,
әділдігімен, ең бастысы сөз өнерін
түсініп, шын жүргімен сүйеттініне
көзіміз жетті. Сөз өнері үшін сыншы
болып айтыс-тартысқа, таласқа
барған, өлең жазып елшілдікті,
жұртшылдықты тақырып еткен
Қожанов есімі ардақты болып, қала
береді. Әдебиет жанашыры —
дәлірек айтқанда Ахаң сынды ар-
дақтыға ара түсіп, Мағжан жырла-
рындағы сұлуплықты сүйегін үшін көп

пас...— дег келтін жыларының жаңғырығы жазықсыз жапа шеккен. Үлтұстасы Ахана, Ахмет Байтұрсыновқа, алаш ардақтыларын ардак тұтқан Сұлтанбек Қожанов сынды үлтүн сүйген ұлы тұлғаның биік руҳына бағышталғандай. Елі ұмытпаған есіл ерді қалай құрметтеп, биікке көтерсек те жарасымды.

Капияда қаза тапқан қайраткер рұхын жадымызда жаңыртып ұстау, тағым етіп отыру – тәуелсіздік дәүірінде өмір сүріп жатқан біздің баба алдындағы перзенттік парызымыз бен қарызымыздың бір белесі.

Шымкент қаласы.

Шынайы ризашылығымды білдіремін



Жансая Назарова, Сәбит Бұзау, Ербол Кәрімовке отбасын, бала-шагам және өзатымнан ризалығымды білдіремін. Аталмыш дәрігерлер алдына келіп отырған қаралушылардың берімен шының түрде тусяндіріп (жылжыта салмай анда бар, мында бар деген сияқты) тіл табысуга тырысуы, қаралушылардың жүйкесін жұқартпай кабінет алдына өзін шығып тұрып реттейтін кішіпейлілігі, жағдайында түбегейлі мүқият тусяндіріп үйлеспеген жағдайда телефон соып

тіпті ере жүріп көрсетіп жіберу-
ге тырысатын қарапайымды-
лығы және өте білімді де, сауат-
тылығына риза боласың. Сон-
дай-ақ көмекші қыздар, мейірбикелер Шолпан Сыз-
дықоваға, Роза Әбжапаровға,
Севиль Халиловаға, Мей-
рамгул Тогысоваға, Сара Бала-
жановаға, Шынар Ердебекова
сияқты мейірбике қыздар да
өте кішіпейіл, біршамасының
аттарын атауға ұмытып отыр-
мын. Аурухананың ішіндегі қым-
қыут тірліктеріне қарамай әрбір
қаралушының жан жарасын

отыр. Мен ол кезде аудандық ішкі істер бөлімінде, дәлірек айтқанда Қаратая ауылында участекелік инспектор болып қызмет атқаратынын. «Шұғыл! Қаратая ауылында бір азамат мылтықтың оғынан жарапанып, жағдайы ауыр, хал үстінде жатыр» деген сүйт хабар келіп жетті. Дереу аттандық, барған соң көз жеткізсек жарапанған азаматтың жолға алып шығуға жарамайды. Сондықтан ауданнан арнағы дәрігерлік топты шақыру керек болды. Сол кезде Бүркіт жап-жас жігерті болатын. Не керек науқастың жағдайын шұғыл зерттеп, жан жақты тексеріп сол ауылдық өмханада күрделі ота жасады. 12-ші калибрлі мылтық оғы деген кәдіулігі қоянның құмалағындаи екен. Қорғасын кеүедeden тиіп өкпені тесіп кеткен. Сол азаматты Бүркіт Арынбеков ажал тырнағынан аманесен алып қалған болатын. Одан бері қаншама жылдар етті. Бүгінде ол кісі ел қатарлы ғұмыр кешіп жүр. Халықтың жүргегіне жылу ұялатып, дертін шипа, көніліне медеу бола алғанының үшін алғыс айтамын! Аман жүрініздер!

**Алғыс білдіруші,
Дәүлеталды ЕДЕНБАЕВ,
Шолаққорған ауылы.
КР ішкі істер органының
ардагері**

Сыбайлас жемқорлықта қарсы іс-қимыл-арбір азаматтың міндеті

Біз мүлде жаңа қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де аз емес. Ал шешімі курделі мәселелер де бар. Ол – әлеуметтілік мәселе. Бұл салада қоғам өмірінде түбебейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол – коррупция. Елімізде осы мәселелеге арнаның қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық, бірақ бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ. Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі курделі мәсесесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасиет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анықтады.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылымыстарға негізінен лауазымды қылымыстар жатады. Өмір көрсеткендегі, қызметтік өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттік асыра пайдалану, пара алу, паралар беру, парақорлыққа дәлдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сез жеткізу, сеніп тапсырылған бетен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындауда, осында қылымыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресүшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоютын, құқықтық түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қашып іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінін нақты жолдарын толық білупері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүрүнің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмendetу, қоғамның мемлекеттік және оның институтарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

Қызмет құзыреті бойынша Тәртіптік кеңесі Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметкерлерінің Арнамыс кодексі талаптарының сақталуын қадағалап, атаптан заңнама мен кодекс талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіпті жауапкершілігін қараша белгіленген.

Сыбайлас жемқорлықпен күресүшін азаматтық борышы деп білу керек!

А.УТЕПОВ,
ҚР АШМ ВБжККСозақ аудандық аумақтық инспекциясы бас маман - мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы.

Орының болсын жәннәттың кең төрінен

Жуантебе ауылының тұрғыны, асыл әке, қимас бауыр, ауыл-аймаққа қадірлі жан, 2 ұл, 2 қыз өсіріп, олардан 10 немере сүйген ардақта ата, өмірінің еңбек жолының көп жылдарын АО «КазТрансОйл» компаниясына арналған, сол жерден зейнетке шыққан, жұмысында абырайлы болып, тұрлі марапаттармен, алғыс хаттармен, медальдармен марапатталған еңбекор жан **Изкенов Бақыт Байділдәүұлы** әкеміздің өмірден өткеніне қырық құннің жузі болып қалды. Жаны жайсаң әкеміздің нұрлы жузі жүргімізден өшпек емес.



Мейір шуак шашып өйтіп көнілден,
Еңбегімен тапттың қызып өмірден.
Сыйлы едің көпшілік жүрт, тұысқа,
Өнеге ап өсті ұрпақ өзіңен.

Енді Алла шапағына бөленип,

Орының болсын жәннәттың кең төрінен, - деп, асыл әкеміз Бақыт Байділдәүұлының рухына бағыштап қырық құннік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-түсіс, құда-жеккет, замандас достарының есіне саламыз.

Ас - 6 ақпан күні (5 ақпан - қонақ асы) Жуантебе ауылындағы өз шаңырағында беріледі. (Карантин талаптарын сақтай отырып).

Асқа шақыруышылар: жары - Ақтолқын, Үл-қыздары, Изкеновтер әзулеті.

Пейіштен орын берсін жасаған

Шолаққорған ауылының тұрғыны, асыл ана, ардақты жан, аяулы жар **Темірәлиева Мадина Әбдімәуленқызы** анымыздың дүниеден өткеніне қырық құннің жузі болып қалды. Асыл анымыздың жарқын бейнесі жүректерде сақтаулы.

Ажал сені алып кетті ортадан,
Енді қайтып келмейсің-ау қайтадан.

Жатқан жерін жайлы болсап жан ана,

Пейіштен орын берсін жасаған, - дей келіп, анымыз Мадина Әбдімәуленқызының рухына бағыштап қырық құннік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-түсіс, құда-жеккет, замандастарының есіне саламыз.

Ас - 3 ақпан күні (2 ақпан - қонақ асы) Шолаққорған ауылы, Абай көшесіндегі өз шаңырағында беріледі. (Карантин талаптарын сақтай отырып).

Асқа шақыруышылар: Пірназаровтар әзулеті.

Құрметті Жартытебе ауылы тұрғындарының назарына! Мал иелері қой-ешкілердің және қосалқы шаруашылықтардағы басқа да жаңуарларды жайылымға не месе тілті жай көшеге шыгарған уақытта оларды қар-

лерде, кішігірім дүкендерде нәжіс қалдықтары тазаланбауда және т.б.) кері әсерін тигізуде. Сонымен қатар, қараусыз жүрген мал қолпиктердің қозғалысына үлкен қауіп төндіреді. Жиі соғысу даңың қарындағы қызылжының нәтижесінде жүргізуши-

ауықтарда мал жауды ұйымдастырып, жалдамалы қызметкерлердің қызметтерін пайдаланыңыз. Бұл ретте қағидаттарды сақтаған жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық кодекстің 408 бабы бойынша шара

Малдарыңызды қараусыз қалдырмаңдар

ауысыз қалдырады. Сондай-ақ, қараусыз жүрген мал егістік алқаптарға жиі тусетіні ауылдық округтердің орталығында емін еркін жүріп жол қозғалысы мен ауылдың көлдандаудыруына (тұрғын үйлерге кіру арқылы егістіктердің бүлдіру, көшедегі талдар мен гүлдердің қорытындысы мен аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындауда, осында қылымыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресүшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоютын, құқықтық түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қашып іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінін нақты жолдарын толық білупері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүрүнің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмendetу, қоғамның мемлекеттік және оның институтарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

Кызмет құзыреті бойынша Тәртіптік кеңесі Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметкерлерінің Арнамыс кодексі талаптарының сақталуын қадағалап, атаптан заңнама мен кодекс талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіпті жауапкершілігін қараша белгіленген.

Сыбайлас жемқорлықпен күресүшін азаматтық азындағы аудару, жағдайда қарындағы қызылжының нәтижесінде жүргізуши-

лер мен жолаушылар тұрлі дәрежелі жарақат алып, кей жағдайларда адамдар мен жануарлар шығыны да орын алып жатады. Сіздерден мүлкініздің сақтау мақсатында барлық сақтық шараларды сақтауды сұранамыз. Өттіш, малыңызды қараусыз қалдырмаңы және таңбалау жүргізіңіз. Қоршалған

көрілетінін хабарлаймыз! Ауыл шаруашылығы жануарларын қараусыз қалдырудан сақ болайық ағайын!

М.ОРАЛҰЛЫ,
Жартытебе ауылдық округтің әкімі аппараты мемлекеттік мекемесінің ауыл шаруашылығы жөніндегі бас маманы.

2022 жылы БЖЗҚ төлемдері қалай өзгерді?

БЖЗҚ-дан төлемдер Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылдың 2 қазанындағы № 1042 қаулысымен (2021 жылдың 1 сәуірінен бастап қолданысқа енгізілген өзгерістермен) бекітілген Әдістемеге сәйкес жүзеге асырылады. Осы Әдістемеге сәйкес зейнетке шықкан адамдарға төлемдер былайша есептеледі: зейнетакы жинақтарының сомасы зейнетакы жинақтары төлемдерінің мәлшерлемесі – 6,5%-ға көбейтіліп, одан кейін 12-ге бөлінеді. Нәтижесінде төлем алынатын бірінші жылы БЖЗҚ-дан ай сайынғы төлемдер мәлшерінде есептеп шығарылады. Белгілі бір санаттағы алушылар: мерзімсіз белгіленген 1 немесе 2-топтағы мүгедектің бар адамдар, сондай-ақ, зиянды және қауіпті өндірістерде жұмыс істеген, жинақтары міндетті кәсіптік зейнетакы жарналарының есебінен кемінде алпыс ай жинақталып, жұмыс істеген адамдар үшін зейнетакы төлемдерін есептей әдістемесінде түзету ұлғайту коэффициенттері көзделген.

Келесі жылдары ай сайынғы зейнетакы төлемінің мәлшері зейнетакы төлемдерінде индекстеу мәлшерлемесі – 5%-ға жыл сайын ұлғайтылып отырады.

Осылайша, 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2021 жылдың 1 сәуірінен бері зейнетке шықкан зейнеткерлерге төлеметін төлемдер 5% көбейді.

Айта кетейік, БЖЗҚ-дан ай сайынғы зейне-

тақы төлемі ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70% кем емес (2022 жылы ең төменгі күнкөріс деңгейі 36 018 теңге) мәлшерде жүзеге асырылады. Тиісінше, 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап БЖЗҚ-дан ең төменгі төлем 25 212,60 теңге (36 018*70%).

Егер төлем алуға етінші берген күнгі зейнетакы жинақтарының сомасы тиісті қаржы жылына арналған Республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төмен зейнетакының он екі еселеңген мәлшерінен аспаған жағдайда, бұл сома алушыға БЖЗҚ-дан бір рет төленеді (2022 жылы – 555 624 теңге = 12 * 46 302 теңге).

2018 жылдың 1 қаңтарына дейін төлем алу үкігін іске асырган зейнеткерлер үшін 2022 жылы есеп мынадай: олардың зейнетакы төлемінің жыл сайынғы мәлшерінен мәлшерінен (2022 жылы 30 x 46 302 = 1 389 060 теңге) ең жогары шаманды алушының зейнетакы жинақтарының сомасын алушының тиісті жасындағы құнының коэффициентіне көбейтуден тұрады. Төлемдер бұрын таңдалған кесте бойынша жүзеге асырылады.

Естерізге сала кетейік, БЖЗҚ-дан зейнетакы төлемдері жеке зейнетакы шотындағы зейнетакы жинақтары таусылғанша төлеңеді.

«Созақ үні»-ақпарат.</p

"Созақ үні" газетінің 26 қаңтар күнінде санында жарияланған Мақсат Қарғабайдың "Дүниені дүркіреткен Дүржанов" атты мақаласына орай ауыл спортын дамытуда елеулі үлес қосып жүрген және қосқан азamatтар туралы көкейде жүрген ойларды ортаға салсам деп едім. Біржан Жақып бокстан Қазақстанда алғашқы болып жеңіл салмақтан Әлем чемпионы атанғанда оның жеңісіне бүкіл қазақ елі ылғары қолғап шеберінің табысына жүргегі жарыла қуанды. Солармен бірге шежірелі, қарт Қаратадың қойнауындағы Ақжолтық ауылы да бір-бірімен сүйінші скрап жатты. Ауылда туып-өсken Біржан Жақыптың әлем чемпионы атанғанын теледидердан көрғенде, Ақжолтықтың тұмасы Өмірзақ Дүржанов көзіне жас алыш, қатты толқыды, қалай қуанбасын, оның арманын өзі болмаса да өз ауылының баласы орындаса..!

Өмірзақ Дүржанов ағамызды Біржанның әкесі Жақып әрі ағасы, әрі ұстазы ретінде ерекше сыйлайды. Жалпы, Біржанның боксқа бару-



Цирктің ауыр гир тас көтеріп, неше түрлі өнер көрсетіп, күштілігін байқатқан өнерпазы көрермендерге: «қане, кім мына гир тасты көтеріп, менімен күрсіп күш синасады» деп жар салады. Алып-ұшып тұрған, бойында күші тасыған Өмірзақ ортаға шығыпты. Өмірзақтың күш-қайратына ырза болып, алып тұлғасына сүйінген өнерпаз Өмірзақты «Мәскеуге жүр, тәрбиелеймін» деп ұсыныс айтып, телефон номерін қалдырыпты. Тіпті кейін сол өнерпаз-орыс жігіті Түркістанға Өмірзақты іздел келсе, ата-анасы жібермей қойыпты. Тағы бір қызық жәйті, Өмірзақ Алматы қаласына оқуға түсінішін барып, спорт институтының хабарландыру тақтасының алдында тұрса «Абітурент бала, оқуға түсуге келдің бе, менімен бірге жүр» деп, не керек сол бейтаныс кісі оқуға түсініне көмектесіпті, сөйтіс ол атақты палуан, елге танымал жаттықтырушы Матушак екен. Ол Өмірзақтың түр-тұлғасына қарап-ақ одан талантты палуан шығады деп болжаган-гой. Осылайша студент-

әсер етті. Бокстан Қазақстанның еңбекі сіңген жаттықтырушысы атанған Сәбит Ермановты, Нәзір Төреқұлов атындағы лицейде спорттың өркендеуіне аяnbай еңбек еткен, жақында өмірден өткен Әшірхан Шойынбетті «қоқындар» деп Алматы қаласына жетектеп барғаны есімізде. Өмірзақ ағаммен және өзіме биология пәнінен сабақ берген жары Нұрасила Атыманова апаймен Оңтүстік Қазақстан облысы Соңақ ауданындағы орта мектепте қызметтес болды. Білімдері мол, ақыл-кеңестерін аямайтын қос ұстазбен қайда жүрсек те үнемі хабарласып тұрдым. Біржан Жақыптың жеңісіне көзілі толған ағамыз маган сонымен бірге мына жайды есіме салды. Ақжолтық ауылының тұмасы Таужан Батыров Созақ аудандық спорт мектебінде футболдан жаттықтырушы болып, өзі баптап, тәрбиелеген «Шалқар» футбол командасын «Былғары доп» жарысында республиканың чемпионы атандырады. Содан кейін бұлар Еревандада бүкіл одақтық «Былғары доп» жа-

ӨМІРЗАҚТАН БІРЖАНҒА ДЕЙІН

ына әкесі Жақып себепкөр болса, Жақып баласын бокс үйрмесінде апарар сэтте, әрине, Өмірзақ Дүржанов ағамыз ойына оралған болар. Өмірзақ ағамыз-әйгілі боксшы Әбдісалан Нұрмахановтың шәкірті. Сонау 1964-1967 жылдары Қазақстан құрама командасының мүшесілері Ә.Нұрмаханов пен Ә.Дүржановтың, яғни ұстазы мен шәкіртінің жаурық бірге қатысқанына бокс жанкүйерлері күе. Енді «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінің 1967 жылғы 21 қаңтардағы санындағы А.Қаныбековтің «9 минут. Аз ба, көп пе?» атты мақаласынан үзінді көлтөрік: «Атақты Әбдісалан Нұрмахановтың шәкірті Өмірзақ Дүржанов «Еңбек резервтері» қоғамының атынан рингке көтеріліп, айқастың алғашқы минутина-ақ жеңіске жетті. Ол шындаң бір-ақ рет жұддырық сілтеді. Сол соққының өзі В.Апрышкінді есендіретіп тастанады. Төреші бәсекені одан әрі жалғастырмай, Өмірзақтың қолын көтерді». Қазақстанның құрама командасында жүріп КСРО спорт шеберлігіне ұсынылып, пәннейі себеппен берілмей қалған ауылдан шыққан дүлей күштің, ауыр соққының иесі, ауыр салмақтағы боксер Өмірзақ Дүржановтың қол жеткен табыстары бір бұлған емес: Түркістан әскери округінің чемпионы, республикалық «Қайрат» және «Еңбек резервтері» қоғамының чемпионы, бүкілодақтық «Локомотив» спорт қоғамы кубогінің иегері, Қазақстан чемпионатының және Мәскеу, Киев, Донецк, Ташкент, Рига, Каунас, Вильнюс, Ереван, Тбилиси, Баку қалаларында әткен КСРО бірнешіліктерінің жүлдегері. Әлі өсімде, Ақжолтықтың клу-бында қойылатын көркем фильмнің алдында ауыл көрермендеріне 5-10 минуттық «Советтік Қазақстан» де-

ген киножурнал көрсетілді. Осы киножурналда Әбдісалан Нұрмахановтың өз шәкірті Өмірзақ Дүржановтың қалай жаттықтырғаны, Ә.Дүржановтың биік жетістіктерге қалай жеткені жөнінде киноюжет көрсетілді. Осыны қөрған барлық ауыл балалары, оның ішінде Біржанның әкесі Жақып та бар, барлығымыз құлақшынызды аспанға лақтырып, «Қайраттың» жеңісті ойының көрнендей қуанғанымыз-ай! Жартытөбе ауылына өз қаржысымен мешіт салған Алматы қаласының тұрғыны Әбдірасыл Тәтібаев туыс-құрдасы Өмірзақ Дүржановты сағынышпен еске алды: «Ол- ақ жарқын, ақ көніл жігіт еді,

палуан Өмірзақ біркүні Әбдісалан Нұрмаханов тоқтатып «Ей бала, сен өзіміздің Түркістан жақтан екенсің, мына ағанды тында, палуандықты қой, маган шәкірт боласың, боксқа ауыс» деп дегеніне көндіреді. Матушак қатты қапаланыпты, Өмірзақта екінгендей болып «сол палуандықты бекер тастадым-ау» дейтін. Қазақтың атақты екі жаттықтырушысында Созақтың қара баласының алып, тығырышқтай денесі, күрзі қолы, табиги күштің иесі ретінде сүйіндірсе керек. Қазір қазақ спорттында соққысы дүлей, ауыр салмақтағылар азайып кетті-гой. Өмірзақ өмір бойы шахмат ойнау-

рысында Созақтың балалары атой салды. Осы команданың үздік шабуылшысы Аманғали Аймұраев сол кезде «Қайрат» командасының қосалқы тобына резервке байқауға қатысады. Ақжолтықтан шыққан Қазақстанның халық жазушысы Сәуірек Бақбергенов Таужан мен оның командасты турали «Он үшінші ойыншы» деген деректі повесте жазды. Шежірелі Қаратадың самал желекке оранатын Ақжолтық ауылында ертеден келе жатқан дәстүр қазіргі күні де нәтижелі жалғасуда. Берекелі, мерекелі, құлпырып өркендеген осы ауылдан Созақ ауданындың спорт көшін бастаған әрі басқарған Оралбай Дауленбаев, Таужан Батыров, Қашқынбай Кенжеханов, ауданға алғаш рет қол доғының туын тіккен Әсліхан Құлмаханов, волейболдан ауданының нағызын қорғаған Әшімхан Тәпіев, Жораш Қөлбаев, күрестен нағызын қорғаған Әзім Бейсекұлов болып жалғаса берді... Ал, Ақжолтықтың тағы бір қара домалақ баласы футболдан Қазақстан құрама командасының, «Астана» командасының белді шабуылшысы әрі капитаны болған Таңат Нәсербаев – бұл күнде Түркістанның «Тұран» командасының жоғары топта қалуына ойынымен де, тәжірибесімен де үлгі-өнеге болуда. Ауыл спорттынің өркендеуіне бар күш-жігерін жұмысашан Өмірзақ Дүржановты бүкіл Созақ ауданы, оның ішінде әрине, Ақжолтық та ерекше қадір тұтады, әрқашан естерінде сақтайды.



маган мынандай басынан әткен қызық оқиғаларды айтып еді. Мектеп бітірген жасақспірім кезінде Түркістан қаласына Сейділдағы ағасының үйіне барады, дәл сол кезде қалада Мәскеу циркі өнер көрсетеді.

мен өтті, жапықпаушы еді. Шындығында Өмірзақ ағаны көрсек, қазақтың Тайсоның көрнендей болушы едік. Айта кетуіміз керек шығар, Өмірзақ Дүржановтың аты мен атағы ауыл балаларының спортқа келуіне, спортпен айналысуына көп

Жабал ШОЙЫНБЕТ, Абай атындағы ҚазҰПУ «Хәкім Абай» гылыми-зерттеу орталығының директоры.

Сенімгерлік басқарушы:
"Agro-sozak" ЖШС
Меншік иесі-
"Созақ үні" газеті редакциясының жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директор:
Абілпатаев Ержан БАҚЫТЖАНОВИЧ

Бас редактор:
Тенізбайев Сәрсенбек САЙЛАУБЕКҰЛЫ
Жаупаты қатшы:
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамасы:

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДАУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАКТЫБАЕВ
Теримші-
Багылда АЯЗБАЕВА

Колжазбалар өндепеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген сүреттің сапасына жауап бермейді. Кей сүреттер интернетten алынады. Компьютерде беттен екі жарып беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 кантар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және жөлдік басылымын есепке қою, қайтада есепке қою туралы №17391-Г күлілігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында беріліп, беттеді. «Ар-принт» баспаханасында басылады. Шымкент қаласы, Ж.Тәшеноң көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Газет А-3 көлем форматта аттасына 2 рет шығады
Индекс 64450
Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолакқорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97
А-ақысы теленген

тапсырыс №
таралымы -
4000 дана
Кезекші редактор:
М.Қарғабай.